

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫНА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.

Утенова А.А.

В данной научной статье рассмотрены вопросы правового статуса лиц, отбывающих наказание в виде лишения свободы в Республике Казахстан.

In the given scientific article questions of legal status of the persons who are serving time in the form of imprisonment are considered in Republic Kazakhstan.

Заң бойынша адам теңдігін оған заңды құқық пен бостандық беру негізінде тану азаматтық қоғамның басты белгісінің бірі. XX ғасырдағы дүние жүзі қоғамдастығының дамудағы едәуір прогресі адамның жеке тұлғасының бағалылығын түсінушілік, оның құндылығы үздіксіз байланыс керектігінде, күнелту мен еркін дамуға ең аз да болса кепілдікті қамтамасыз етуінде болып табылады.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі негізін конституциялық құқық, бостандық пен азаматтар міндеттері жатады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің ерекше айырмашылығы - оның тұрақтылығы мен біршама өзгермейтіндігі.[1]

Азаматтың құқығы дегеніміз - қандайда бір игілікті кепілді түрде пайдаланудың мүмкіндігі. Бұл адамның мемлекеттің ұйымдасқан қоғамындағы мінез-құлқының ресми өлшемі.

Адам құқығы - ол субъективті құқық шамамен емес, қайта жеке тұлғаның Конституцияда және заңда бекітілген нақты мүмкіндігі. Заң шығарушы тек қана шын қоғамдық қатынастардан шығатын, алдын ала құрылған әлеуметтік-экономикалық және саяси мүмкіндігі бар құқықты бекіте алады.

Қазақстанда адам құқығын сақтаудың маңызды компонентінің бірі - оған сотталғандардың құқын бұзуды ескерту және бақылау жатады.

Жазаны өтеп жатқан адамдар, мемлекет азаматтары ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей, белгілі құқықтық шектеуге қарамастан, адамның азаматтық құқығы мен бас бостандығына ие бола алады. Соның ішінде барлық сотталғандар жалпыға бірдей Адам құқығы

Декларациясы баяндаған адам құқықтарымен және бас бостандығын пайдаланады, тек оның шектелу тиістілігіне, бас бостандығынан айыру орындарына анық қамалғаны себеп болады.

Қамаудағы адам деп - ол қандай да болмасын құқық бұзғаны үшін сотталып, жеке бас бостандығынан айырылған кез келген адамды айтады.

Сотталған азаматтарға жазаны өтеу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен бостандығына кепілдік берілуі тиіс, оған тек қылмыстық, қылмыстық-атқару және басқа да Қазақстан Республикасы заңдарымен алып тасталған, сондай-ақ шектелу белгіленгендер жатпайды.

Сотталғандармен жұмыс жасау барысында, олар қоғамнан шығарылып қалғандар емес, қайта оның мүшесі болып қала беретіндігіне ерекше көңіл аудару керек.

Сондықтан сотталғандарды қоғам өміріне қайтару мақсатында қоғамдық ұйымдарды түзеу органдарымен бірге қызмет етуге жұмылдыру керек.

Қазақстанда бұл бағытта адам құқығы мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан-Америка бюросы мен реформаға көмектесетін Қылмыстық әділ сот орталығы сияқты үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді.

Сотталғандарды заңмен тікелей белгіленген жағдайдан басқа кезде азаматтық міндетін атқарудан босатуға болмайды. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды (Қазақстан Республикасы Конституциясы, 10-бап, 2-тармақ). Сотталғандардың құқы мен бас бостандығы сот үкімімен және Қазақстан Республикасы заңында көрсетілген мерзімге ғана шектелуі мүмкін. Мемлекет сотталғандардың және олардың туысқандарының, жақындарының сондай-ақ басқа да жеке тұлға мен заң ұйымдарының, егер де сотталғандар олармен әр түрлі заңдық қатынастарда байланысты болса барлығының құқығы мен заңды талаптарын сақтауға және қорғауға кепіл болуы тиіс. [2]

Сотталғанның меншік құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы арқылы қорғалады, онда: "Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды", - делінген. Сотталғанды жазаны өтеу кезінде азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды (Қазақстан Республикасы Конституциясы, 17-бап). Тіпті ең ауыр өлім жазасы белгіленген адамға Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес кешірім жасауды арыздау құқын кепіл етіледі. БҰҰ 1984 ж. 25 мамырындағы "Өлім жазасына кесілгендердің құқын қорғауды кепіл ету шаралары" құжатына сәйкес өлім жазасын орындау кезінде бұл процедура

мүмкіндігіне қарай жеңіл азап шектіруі тиіс.

Бас бостандығынан айырылған адамдардың бәрінің де, олармен адам баласына тән имандылықпен айналысуға, абыройын сыйлатуға құқы бар. 1966 ж. 16 желтоқсанындағы "Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде" былай көрсетілген: "Пенитенциар жүйесінің қамаудағы адамдарға режим қойғандағы мақсаты - оларды түзеу және әлеуметті етіп қайта тәрбиелеу". "Барлық қамаудағылар адамгершілік қасиеті ретінде өздерімен сыйлы қарым-қатынаста болуды пайдалануға тиісті" (1990 ж. 14 желтоқсандағы қамаудағылармен айналысудың негізгі принциптерінен алынды).

Мемлекет жағынан сотталғандардың құқықтық жағдайы жақсара қалса, ондайда заңның кері күші болуы тиіс. Егер де заңмен қандай да болмасын құқық бұзғаны үшін сазайын тарту (немесе жазалау) жеңілдетілсе, тіпті бұл әрекеттің заңға қайшылығы жойылса, мұндай заңның міндетті түрде кері күші болады. [3]

Жазаны орындау - мәжбүрлеу акциясы, ол мемлекет жағынан күш қолдану арқылы қамтамасыз етіледі, ол тиісті құқық шектелу қиыншылығына апарып соқтырады. Сотталғандар заң жүзінде тиісті құқыққа ие болғандықтан, ол олардың заңды мінез-құлқына күш қолданбаудың кепілі болып есептеледі. Сотталғандарға жаңа міндеттер жүктеледі, оны объективтік қажеттілік, тиісті оның мінез-құлқы деп түсіну керек. Мемлекет сотталғанның мінез-құлқын белгілей отырып, талап қояды және оның заңды міндеті болғандықтан оған кепіл болады.

Бұл міндеттерді бұзғаны үшін оған сәйкес тиісті жауапкершілік жүктеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында, егер бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жаза атқарып жатқандардың басқа түзелу жолына түскендерді қудалағаны немесе қамаудан қашқаны, бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден бас тартқаны, еңбекпен түзеу мекеме әкімшілігінің талабына қасақаналықпен көнбегені үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Сотталғанның мұндай құқық шектеулер көлемі жынысына, азаматтығына, жасына, жаза түріне, бұрын сотталғандығына байланысты. Мысалы, Конституциялық күші бар 1995 ж. 28 қазандағы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының 4-бабына сәйкес, сот үкімімен еркінен айыру орындарында отырған Қазақстан азаматтары сайлауға қатыса алмайды, яғни актив, пассив сайлау құқығынан айырылады. Сотталған әйелдердің құқық жағдайының басқа сотталғандарға қарағанда өзгеше айырмашылығы бар. БҰҰ 1985 жылғы 6 қыркүйектегі Ең аз үлгі Ережеде кәмелетке толмағандарға әділ сот қолданылғанда жеңіл жазалау жағын қарау сияқты түзеу мекемелеріне орналастырылған, құқық бұзған жас әйелдерге де айырықша көңіл бөлуді ұсынады. Сонымен бірге құқық бұзушы әйелдерде, әдетте, ерлерге қарағанда аз назар аударылатындығы көрсетілген. [4]

Қазақстанда тұратын шетелдіктер сонымен қатар азаматтығы жоқ адамдар құқықтық мәртебеге шектелген көлемде ғана ие болады. Сотталған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқық шектелу көлемі аз болады, тек олар, мысалы, жалпы әскери міндетті емес, сайлау құқығымен пайдаланбайды. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұру орнын таңдауға және оны ауыстыруға белгілі шектеулер қойылады.

Сотталған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының және басқа да ТМД елдерінің сотталған азаматтарынан бөлек отырады. Сотталған шетелдікке жазасын өтеп шықпайынша немесе жазадан босатылмайынша Республикадан кетуге рұқсат етілмейді.

Ең аз үлгі Ережесіне сәйкес қамаудағы отырған шетелдік ұсталғандармен айналысқанда өз елінің елшілік немесе консулдық өкілдерімен байланысын мүмкіндігіне қарай жалғастыруды қамтамасыз ету тиіс.

Сотталғандарды құқықпен қорғау мынадай кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі: сотталғандардың ұсыныс, арыз, шағым жіберуге және оны қарау тәртібі туралы құқығы; мемлекеттің үкімет органдарының бақылауы; соттық және мемлекеттік бақылау; прокурорлық қадағалау; жазаны өтейтін мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңның сақталуын қарайтын қоғамдық бақылау; халықаралық және ұлттық құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің осы мекемелерге қатысы. Қазіргі заманда адам құқығы туралы халықаралық нормалар әділсот жүргізу саласында жеке адам құқығының мәртебесіне елеулі түрде әсер етеді. Қазақстанның халықаралық шартты бекіту акті мемлекет үшін заңдарын өзіне алған міндеттеріне сәйкестендірудің қажеттілігін көрсетеді. Халықаралық құқық бірте-бірте жан-жақты болуда, ал оның нормалары мен принциптері халықаралық бірлестіктің барлық мемлекеттеріне міндетті. [5]

1987 ж. Еуропа кеңесі министрлер комитетінің қабылдаған Еуропадағы түрмелер туралы "Ережесі пенитенциарлы мекемелерінің сотталғандарға қатысы бар негізгі мақсатының бірі - олардың денсаулығын сақтау мен жеке басының адамгершілігін сезіндіру және жаза атқару мерзімі кезінде мүмкіндігіне қарай жауапкершілік сезімін ояту және бейімділігі мен дағдысын дамыту. Бұлар сотталғандардың босатылғаннан кейін өз бетімен өмір сүруіне және заңды сақтауға мүмкіндік береді.

Құқығы ең жиі бұзылатындардың бірі, ол тергеуде жүргендердің қорғану құқығы. Кейбір жағдайда тергеуде жүргендерге және ұсталғандарға ұсталған кезінен бастап адвокат қатысу құқын хабарламайды немесе адвокатты алмауға мәжбүр етеді. Адвокатты қорғалушыларымен кездесу үшін тек бір жолға ғана рұқсат беріледі, сондықтан олар тергеу изоляторындағы "клиентімен" кездесу үшін кезекте сағаттап тұруға мәжбүр болады. Қорғаушылардың тілегі жиі-жиі себепсіз қабылданбайды. Мұндай жағдай халықаралық үлгіге, жекелеп айтсақ, 1990ж. тамызында БҰҰ

қылмыстарды алдын ала ескерту туралы 8-конгресінде қабылданған адвокаттар рөлі жөніндегі негізгі ережелерге қайшы келеді. Онда үкіметтің құзыретті билікшілері әрбір адамға оның өз қалауымен қамауға алғанда, ұстағанда немесе түрмеге отырғызғанда, сондай-ақ қылмыс жасаған деп жауаптағанда адвокат көмегін алуды хабардар етіп, мүмкіндік туғызуды қамтамасыз етуі тиіс. Ұсталуға ұшыраған, қамауға алынған адамдар адвокатпен жиі кездесуге мүмкіндік алуы керек, қайткенде де мерзім 48 сағаттан аспауы тиіс. Ұсталғанға, қамалғанға немесе түрмеге отырғызылғанға керекті жағдай жасалып және адвокатпен кездесу үшін уақыт белгіленіп, байланыс құралдарымен тоқтаусыз, кедергісіз, цензурасыз құпиясы толық қамтамасыз етілуі керек.

1990 ж. қыркүйекте Халықаралық заңгерлер конференциясында қабылданған (ХАЗ) ассоциациясы заң маманының тәуелсіздігі Үлгілеріне сай бас бостандығынан айрылған адамдардың ісін жүргізгенде адвокаттар тәуелсіздігін кепіл етуі керек, оларға еркін, әділетті және құпия (конфиденциальность) заң көмегін беруді, соның ішінде ол адамдарға бару құқығын қамтамасыз етуі тиіс. Кепілдік етіп және сақтық шараларын қамтамасыз еткенде билікшілермен қандай да болмасын жасырын ымыраласу мүмкіндігін болдырмау, заңгерді олардан тәуелді болудан сақтау және заңгердің еркінен айырылғандар мүддесіне қызмет істеп жүргенін жасатпау қажет. Адвокат "клиентімен" қарым-қатынас жасаған уақытында оның құпиялылығы қамтамасыз етілуі тиіс. Оған қоса қарапайым және электронды жүйені, барлық адвокаттық іс жүргізуін және адвокат құжаттарын алу мен қарауды қорғау тиіс. Сонымен бірге электронды байланыс құралы мен хабарласу жүйесін пайдаланғанда кіріспеуді қамтамасыз ету керек. [6]

Басқа да тергеуде жүргендердің құқығын сақтамаудың ең кешірілмейтіні - ол тергеу жүргізіп жатқан кезде, әсіресе жауап алу кезінде заңдылық режимін бұзушылық. Қазақстанда қылмыстық-атқару жүйесін реформалау Алматыда өткен 1993 ж. "Қазақстандағы қылмыстық-атқару жүйесінің реформасы", 1995 ж. "Сот және пенитенциарлық жүйелерін реформалау кезіндегі адам құқығының Концепциясы" туралы халықаралық конференцияларда талқыланды. Пенитенциарлық жүйені реформалау үкімет бекіткен Қазақстан Республикасының 2005 ж. дейінгі қылмыстық-атқару жүйесінің даму Концепциясын жүзеге асыруды болжайды. Жаңа қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару кодекстерінде БҰҰ-ның әділсот жүргізу және сотталғандармен айналысу саласындағы Халықаралық актілері өзінің лайықты орнын табуы керек. Құқықтық мемлекет құру мақсатын қойған Қазақстанда заңға негізделген ведомстволық актілерді салыстырмалы түрде өзгертуге болады және олай ету қажеттілігі бүгінгі күн талабынан туындап отыр.

Қазіргі кезде құқық жүйесіндегі қайшылықты жеңіп шығу, ішкі біртұтас, қарама-қайшылықсыз заң құру өте қажет. Кейбір жағдайларда заң сотталғандарға негізсіз тыйым салады да, олардың түгелдей жалпы

азаматтық құқын қамтамасыз ете алмайды. Көптеген мәселелер ведомстволық актілермен реттеледі, ал олар кей кезде заңды бұрмалайды. Нормалардың кейбіреуі халықаралық үлгіге сәйкес келмейді. [7]

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес сотталғандар тиісті мәртебеге ие бола алады, оның негізі субъективті құқық, заңды міндеттері және олардың Қазақстан Республикасы азаматтары үшін белгіленген заңды талаптарымен қоса қылмыстық-атқару заңдары, сот үкімімен шығатын режим мазмұны қойған шектеулер болып есептеледі. Норманың мазмұнынан (Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 8-бабы) сотталғандардың құқық жағдайын орнатумен бірге тікелей де, жанамалы да шектеулер байқалады. Мысалы, Заң нормасы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды Қарулы Күштерде қызмет ету, сайлау, сайланылу, мемлекет аумағында еркін жүру құқын тікелей шектейді. Тікелей шектеулер сот үкімінде қосымша жаза ретінде көрсетілуі мүмкін, яғни тиісті бір лауазымды орында жасау немесе белгілі қызметпен шұғылдану құқынан айыру, арнаулы немесе әскери лауазымнан айыру т.с.с. Тікелей шектеулер тұрақты қорғау мен бақылау орнату режим ережесін т.б. білдіреді.

Жанама - ол соттың да үкімі және жазаны атқару режимі. Сондықтан бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазаны атқару кезінде айрықша міндетіне байланысты, өне бойы тұйық кеңістікте тұрады, оны бұзғаны үшін тәртіп жауапкершілігіне тартылады. Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасы Конституциясын адам мен азамат құқын жалпы танылған халықаралық принциптер мен нормаларды, соның ішінде қылмыстық жазаны өткеріп жатқандардан құқық айырмашылығына қарай сәйкестендіріліп анықтай түседі. Мемлекет сотталғандардың заңды талабы мен бостандық құқын құрметтеп, оны мойындап қана қоймайды және оларды жүзеге асыру мүмкіндігіне кепіл болады.

Қылмыстық-атқару кодексі сотталғандардың негізгі міндеттерін былай белгілеген:

1. Сотталғандар осы Кодекспен, өзге де нормативтік- құқықтық актілермен және үкіммен белгіленген құқықтық шектеулерден туындайтын талаптарды сақтауға міндетті.
2. Сотталғандар өздеріне белгіленген мінез-құлық ережесін, жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар әкімшіліктерінің заңды талаптарын орындауға міндетті.
3. Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді, сондай-ақ жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңды талаптарын орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

Аталған міндеттер сотталғандарға жүктелген міндеттердің бір құрамдасы болып есептеледі. Негізгі міндеттер деп аталу себебі: олар жаза атқарып жатқандардың жаза түріне қарамастан барлығына таралады және

сотталғандарға қойылатын маңызды талаптарын бекітеді. Сотталғандар міндеттерінің көпшілігі құқық нормаларында бекітіледі де жазаны өтеу тәртібін нақты түрде реттейді.

Сотталғандардың негізгі құқықтарына кіретіндер:

1. Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ақпаратты жазаны атқарушы мекеме немесе орган береді.
2. Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, басқа мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға, шағымдануға құқылы.
3. Сотталғандар түсініктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталғандарға жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе халықаралық қолданыстағы орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілге аударуды жазаны атқарушы мекеме немесе орган қамтамасыз етеді.
4. Сотталғандар адвокаттардың, сондай-ақ осындай көмек беруге уәкілетті басқа адамдардың заң көмегін пайдалануға құқылы.
5. Сотталғандар әлеуметтік қамтамасыз етілуге, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы алуына құқығы бар.
6. Қамауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің денсаулығын сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамтамасыздандырылу құқығын пайдаланады.
7. Соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарды қоспағанда, сотталғандардың мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.
8. Жазасын өтеген және сотталуына байланысты атқарып жүрген қызметінен босатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке орналасуға және тұрмыстық жағынан, әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға құқығы бар.
9. Жазасын өтеп жүрген адамдардың қызметкерлер тарапынан сыпайылық көру құқығы бар. Олар қатаң немесе адамшылық қасиетін қорлайтындай жағдайға ұшыратылмауға тиіс. Сотталғандарға мәжбүрлеу шараларын заң негізінен өзгеше қолдануға болмайды.
10. Қамауға, бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктер өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының мүдделерін

қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар. [8]

Сотталғандардың құқықтарын іске асыру тәртібі Қылмыстық-атқару кодексімен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен, Қазақстан Республикасы бекіткен мемлекетаралық шарттармен белгіленеді. Мұнда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі ережелерінде Халықаралық-құқықтық актілер мен үлгілердің жазаны атқару саласындағы және сотталғандармен айналысу кезіндегі жарлық-бұйрық пен ұсыныстарын жүзеге асырудың жалпы бағыты бейнеленіледі. Сотталғандардың құқығы көпшілік таныған халықаралық құқық принциптері мен нормаларына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына негізделгендіктен, оның ұлттық заңдардан артықшылығы сонда болып отыр.

Мемлекет Халықаралық актілерге сәйкес қылмыскерді жазалай отырып, оның құқын қаншалықты жаза мақсатына жету үшін сонша дәрежеде шектеуі тиіс. Сотталғандар соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін де Қазақстан Республикасының азаматы болып қала береді, соған байланысты олардың түгелдей жеке басының ар-ождан конституциялық Құқы сақталады. Бұл әр адамның ажырамас құқы және оны ешкім шектей алмайды.

Қылмыстық-атқару кодексі сотталғандарға ар-ождан бостандығы мен дін ұстану бостандығына кепілдік береді. Ар-ождан еркіндігінің жеке бастың демократиялық еркіндігіне қатысы бар. Ол қоғамдағы жеке адам жағдайын белгілейді және ол саяси, құқықтық нормаларда бекітілген. Діни сенім бостандығы Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес негізгі адам құқығының бірі болып танылады. Азаматтардың теңдігі туралы соның ішінде діни тұрғыдағы Конституция нормасын бұзу, яғни діни ұйымдардың қызметіне немесе діни ырымдарды жасауына заңсыз кесел келтіру қылмыс болып есептеледі және Қылмыстық заңмен жазаланады. Сонымен бірге қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті жоққа шығармаумен қатар, Қылмыстық-атқару заңы сотталғандардың ішкі ереже тәртібін бұзғандарына, діни ырымдарды сақтауда тәртіптік жауапкершілік шарасын қолдану мүмкіндігін де қарастырған. Сотталғандар құқы мен заңды талаптары бұзылғаны жөнінде ұсыныс, арыз, шағым жібере алады. Сотталғандар кез келген мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына әр түрлі мәселелер, соның ішінде олардың субъективті құқы мен заңды талаптарына байланысты болмаса да, арыз немесе ұсыныс жіберуге хақы бар.

Сотталған режимді бұзғаны үшін оған тәртіптік, материалдық немесе қылмыстық жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. Жауапкершіліктің нақты түрі құқық бұзудың мазмұнына оның қоғамға қауіптілігіне байланысты.

Сотталғанның іс әрекетінде тиісті бір құқық бұзудың құрамы болса немесе жауапкер іс-қимылымен нақты құқық нормасында көрсеткенді (қасақаналықпен болмаса абайсызда) бұзған болса сонда ғана жауап беру басталады. Тыйым салынғанды бұзғаны үшін, яғни белгіленген ұстау режимінің міндеттерін орындаудан бұлтартқаны немесе әдейі міндеттерін орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілік басталады. Жалпы міндеттерін соның ішінде, тек қылмыстық атқару құқық қатынастарының субъектісі ретінде тәртіп бұзбауды орындамағаны үшін де тәртіптік жауапкершілік басталады.

Тәртіптік жауапкершілік тек құқық нормаларына негізделген талаптарды ғана орындамағаны үшін болады. Туысқандарымен хат жазысып тұрудан бас тартқаны үшін т.с.с. тәртіптік жауапкершілікке тартуға болмайды. Тәртіптік жазаны қолдануды оған құқығы бар түзеу мекемелерінің лауазымды адамдарына ғана рұқсат етеді (мекеме бастығына, оның орынбасарларына, жасақ бастығына т.с.с.)

Материалдық жауапкершіліктің тәртіптіктен айырмашылығы - ол сотталғандар өздерінің заңға қарсы әрекеттерімен мемлекеттің мүлкіне зиян келтіргені үшін ғана басталады. Келтірілген материалдық зиян мөлшері соттың, шешімімен түгелдей немесе жарым-жартылай өндіріледі.

Жалпы сот принципінен алынып тасталынса да қылмыстық-атқару заңы (егер де шығын еңбек-шарттың міндетін атқару кезінде немесе басқа да азаматтық-құқық бұзылған әрекетке жататын болса) шығынды төлеудің әкімшілік түрін белгілейді. Шығынды өндіріп алу, түзеу мекемесі бастығының дәлелді қаулысымен істеледі, бұлардың барлығы жауапкерге таныстырылып және ол оған қол қояды. Бұл қаулы туралы жауапкер жоғары бастыққа шағым етуге хақы бар, бірақ ол зиянды өндіріп алу қаулысының орындалуын тоқтатпайды.

Қаулы бұзылғаннан кейін егер де сотталғанның зиян көлемі еңбек ақысынан заңсыз ұсталған болса, оның дербес шотына жазылып, қайтарылады. Материалдық жауапкершіліктегі істеген шығын, тек қана табыс салығын, тамақ, киім, аяқ киім бағасын және үкім қағазы сомасын төлегеннен кейін қайтарылады. Егер де сотталған босатылып шығатын кезінде материалдық шығыны өтелмей қалса, онда түзеу мекемесінің әкімшілігі сотқа жалпы талап ретінде беруге хақы бар. Бұл жағдайда соттың шешімімен, заңда белгіленген тәртіппен материалдық шығын төлетіп алынылады.

Сотталғандардың ішінде жазаны атқару кезінде, тағы да қылмыс жасап қылмыстық жауапқа тартылатын жағдай тәжірибеде жиі кездесіп тұрады. Жауапкершіліктің мұндай дәрежесі тек қана қылмыстың ауырлығынан, жауапкердің жеке басынан емес және тағы басқа жауапты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларға байланысты болып келеді. Сот жаза тағайындағанда қылмыстың бұрынғы қылмыстық жазаны атқару кезінде

істелгенін еске алуы тиіс. Бұл - жауапкершілікті ауырлататын жағдай, сондықтан еске алынып жаза қолданғанда бұрынғы жазаның жиынтығымен үкім шығарады. Ал сот үкімі жаңа қолданған жазаға түгелдей немесе жарым-жартылай бұрынғы жазаның өтелмеген бөлігін қосады. Жаңа істеген қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адам бұрынғыдан қатал режимді колонияға немесе түрмеге жіберіледі. [9]

Жалпы, адамның құқықтық жағдайын анықтай отырып, құқық шығармашылығы мен заңға, оның қорытындысы ретінде өмірде алдын ала пайда болатын тенденциялармен және құқық реттеудің қажеттілігімен мемлекет есептесуі тиіс. Құқықты орнату шындыққа негізделуі тиісті, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының заңдылығы мен қажеттігін есепке алуы тиіс, ол тиісті мен мүмкіндіктің бірлігін сақтай білу деген ойдан туындайды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж.
2. Филимонова А.А. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңы: Оқу құралы, Алматы. 2001ж.
3. Чукмаитов Д.С. ҚР заңы бойынша жазаны орындаудың теоретикалық негізгі жүйелері. Алматы. Баспа, 1999ж.
4. Балтабаев К.Ж. Жазаның орындалуы: ҚР заңы және халықаралық нормалар. Алматы, Атамұра. 1999ж.
5. Селиверстов В.И. Қылмыстық-түзеу құқығы: комментарийлер мен кестелер. М.: Заңтану, 2000ж.
6. Самалдықов М.К. Пенитенциялық мәселелер бойынша халықаралық құжаттардың жинағы. Алматы, 1993ж.
7. Михлин А.С., Пономарев П.Г. Уголовное- исполнительное право, Издание второе, Москва, Юриспруденция, 2000г.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
9. “Күдіктілерді және қылмыс жасаған қылмыскерлерді қамауда ұстау тәртібі және жағдайы” туралы Қазақстан Республикасының Заңы.